

**Шевченко жалпы негізгі білім беретін мектебі бойынша**

**Негізгі қызмет бойынша бұйрық**

**Шевченко с.**

**№ 22**

**28 тамыз 2022 жыл**

**«2022-2023 оқу жылының басталуы,  
ұзақтығы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру  
туралы»**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылдың 12  
тамыз №363 бұйрығын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. Мектепте оқушылар, педагогтадың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізілсін.
4. 2022-2023 оқу жылының басталуы мен аяқталуының келесідей мерзімдері айқындалсын:  
1-9 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:  
1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс - 7 күн (2022 жылғы 31 қазаннан бастап 6 қарашаны қоса алғанда)  
2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - 9күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда)  
3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда)  
1-сыныптарда және мектепалды даярлық тобында қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда).  
4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
5. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта юлімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
6. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпыға орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектеп директорының орынбасарларына жүктелсін.

**Мектеп директоры:**

**А.Г.Ситмагамбетов**

